

РҚББОӘО көркем-эстетикалық бағыттағы бөлімнің I – квартал, 2020 жылғы қызметі туралы есеп

2020 жылдың бірінші тоқсанында ҚР БҒМ БҚКК тапсырысы бойынша «Ризашылық - мейірім бұлағы» жалпыұлттық мәдени – білім беру жобасы аясында Шымкент қаласында 2 республикалық іс-шара ұйымдастырылып, өткізілді:

1) 2020 жылғы 29 ақпан – 1 наурыз аралығында Шымкент қаласындағы жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың тәрбиеленушілері арасындағы «Қазақстан-менің алтын бесігім» республикалық балалар фестивалі. Қатысушылар саны-170, жеңімпаздар-30.

Мақсаты: қазақстандық қоғамның дәстүрлі мәдени, рухани және адамгершілік құндылықтарына негізделген азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру, Қазақстан халқының түрлі этностарының мәдени дәстүрлерін зерделеу арқылы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың шығармашылық дамуы.

ҚР БҒМ РОӘО 2020 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес келесі бағыттар бойынша іс-шаралар өткізілді:

1. Қосымша білім беру бағдарламаларын бюджеттен тыс іске асыратын білім беру ұйымдарының 43 педагогы үшін біліктілікті арттыру курстары:

1) «Педагог-хореографтың заманауи кәсіби құзыреттілігі» 24-27 ақпан 2020 жыл Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы. Тыңдаушылар саны-43 адам.

3. Интернет қашықтықтағы конкурстарды ұйымдастыру және өткізу www.ziyatker.org порталында оқушылар арасында 14 республикалық қашықтық байқаулары өткізілді. Оған 196 адам қатысты, оның ішінде жеңімпаздар – 115.

1. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқушылары арасында «Абай әлемі» республикалық қашықтық байқауы Байқаудың мақсаты-Абай Құнанбаевтың шығармаларын насихаттау, оның поэзиясына және рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Барлық қатысушылар-75, жеңімпаздар – 50.

2. «Salem, shyrsha-2020» республикалық қашықтық интернет – конкурсы мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтары арасында оны өткізудің мақсаты мен міндеттері 2019 жылдың 6 желтоқсанынан 2020 жылдың 3 ақпаны аралығында анықталады.

Мақсаты: қосымша білім берудің талантты педагогтарын анықтау және қолдау. Барлық қатысушылар-6, жеңімпаздар-3.

3. «Ана-өмірдің шуағы» республикалық қашықтық интернет – байқауы - 2019 жылдың 6 желтоқсанынан 2020 жылдың 5 наурызына дейін.

Мақсаты: отбасы құндылықтарына ұқыпты қарау, 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнін мерекелеу. Барлық қатысушылар-60, жеңімпаздар – 32.

4. «SAIRA, BULBUL!» мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқушылары арасында - 2019 жылдың 23 желтоқсанынан 2020 жылдың 18 наурызына дейін.

Мақсаты: вокалдық орындау арқылы музыкалық дарынды балаларды, талантты балалар ұжымдарын анықтау, дамыту және қолдау. Барлық қатысушылар-55, жеңімпаздар – 30.

5. Қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагог қызметкерлері арасында «Жүректен жүрекке» республикалық қашықтық конкурсы - 2020 жылдың 29 наурызы мен 29 мамыры аралығында. Мақсаты: әдістемелік жұмысты жетілдіру, шығармашылық әлеуетті дамыту және Балаларға қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагог қызметкерлері мамандығының әлеуметтік беделін арттыру.

6. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқушылары арасындағы «ULY DALA DAUYSY» республикалық қашықтық вокал байқауы (бұдан әрі – Конкурс)

Мақсаты: вокалдық орындау арқылы музыкалық дарынды балаларды, талантты балалар ұжымдарын анықтау, дамыту және қолдау.

4. Бөлімнің ұйымдастыру жұмысы

1. Республикалық 5 іс-шараларға және екі тілде 2020 жылға арналған үздіксіз білім беру курстарына арналған 14 білім беру бағдарламаларына арналған ережелер жобасы жасалды.

2. Бөлім циклограммасы жасалды және ай сайын жаңарып отырады.

3. Өңірлермен республикалық шараларды өтеу негізінде ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмыс жүргізілуде.